

Freedom Holding Corp. Адам құқықтары жөніндегі саясаты



МАҚСАТЫ.....3

ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ.....3

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....3

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....4

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЙЫНША
МІНДЕТТЕМЕЛЕР.....4

САЯСАТ ТАЛАПТАРЫН
БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК.....5

МОНИТОРИНГ.....5

КЕРІ БАЙЛАНЫС.....5

Мазмұны

Ескертпе: Саясаттың осы мәтіні аударма болып табылады. Түпнұсқа нұсқасы [Компанияның сайтында сілтеме](#) арқылы қолжетімді.





1

МАҚСАТЫ

- 1.1. Freedom Holding Corp. (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес және байланысты ұйымдарының осы Адам құқықтары жөніндегі саясаты (бұдан әрі – «Саясат») Компанияның адам құқықтарын қамтамасыз етуге көзқарасын анықтау мақсатында әзірленді. Саясат Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес Компанияның адам құқықтарын құрметтеуге міндеттемесін растайды.
- 1.2. Осы Саясат Компанияның Freedom Holding Corp. қызметі аясында адам құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету және олардың бұзылуының алдын алу бойынша көзқарасын сипаттайды.
- 1.3. Осы Саясат Компанияның адам құқықтары мәселелеріне қатысты көзқарасын айқындайтын ерікті жария құжат болып табылады. Компания адам құқықтарына теріс әсерін тигізетін жағдайларды болдырмауға және осындай әсерлер орын алған жағдайда салдарын жоюға тырысады.

2

ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

- 2.1. Осы Саясат Компанияның барлық директорлары, қызметкерлері, еншілес және байланысты ұйымдарына және Компания атынан әрекет ететін жеке тұлғаларға міндетті болып табылады.
- 2.2. Осы Саясаттың негізінде Компанияның еншілес және байланысты ұйымдарына белгіленген тәртіппен ұқсас ішкі құжаттарды әзірлеп, бекіту ұсынылады.
- 2.3. Осы Саясаттың қағидалары қызметкерлер мен мүдделі тараптар арасындағы қатынастарға, әлеуметтік мәселелерге және қызметкерлерді басқару мәселелеріне қатысты басқа саясаттар мен рәсімдерді әзірлеу кезінде ескерілуі тиіс.
- 2.4. Компания өзінің барлық іскерлік серіктестерінен Саясат рухына, оның қағидаларына мен мақсаттарына толықтай сәйкес келуін күтеді.

3

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1. Осы Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Директорлар кеңесі – Freedom Holding Corp. директорлар кеңесі.

Іскерлік серіктестер – Компания, еншілес және байланысты ұйымдарының жабдықтаушылары, мердігерлері және клиенттері.

Кемсітушілік – нәсіліне, тері түсіне, жынысына, дініне, саяси көзқарасына, ұлттық шығу тегіне немесе әлеуметтік жағдайына қарай жасалатын еңбек және қызмет саласындағы мүмкіндіктердің немесе өтініштердің теңдігін бұзуға немесе жоюға соқтыратын қандай да бір айырмашылық, жол бермеушілік немесе артықшылық (Халықаралық Еңбек Ұйымының Еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушілік туралы №111 Конвенциясының 1-бабының 1-тармағы (Женева қ., 25 маусым 1958 ж.)).

Мүдделі тараптар – Компанияда, еншілес және байланысты ұйымдарында мүддесі бар және олардың іскерлік белсенділігіне ықпал ететін және ықпал етуі мүмкін тараптар.

Компания – Freedom Holding Corp.

Мүмкіндіктері шектеулі адам – әртүрлі кедергілерімен өзара әрекеттесу кезінде басқалармен тең дәрежеде қоғамға толық және тиімді қатысуына кедергі жасайтын тұрақты физикалық, психикалық, интеллектуалдық немесе сенсорлық шектеушіліктері бар адам.

Әлеуметтік инвестициялар – Компанияның әлеуметтік саладағы оң нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған инвестициялары.

Тұрақты даму – қазіргі ұрпақ қажеттіліктерін қаңағаттандыра отыра болашақ ұрпақтардың қажеттіліктерін қаңағаттандыру қабілеттілігіне қауіп төндірмейтін даму жолы.

Еншілес және байланысты ұйымдар – бас компаниясы тікелей немесе бір немесе бірнеше делдал арқылы

ESG (Environmental, Social and Corporate Governance) – экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Компания БҰҰ жария еткен адам құқықтарын, оның ішінде еңбек құқықтарын, гендерлік теңдік, салауатты қоршаған ортаны және халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғау құқықтарының маңыздылығын мойындайды.

4.2. Компания келесі халықаралық стандарттар мен құжаттарда баяндалған қағидаларын ұстанады:

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы;
- БҰҰ кәсіпкерлік қызмет және адам құқықтары жөніндегі негізгі қағидалары;
- БҰҰ Жаһандық шарты;
- Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ) Еңбек саласындағы негіз қалаушы қағидалар мен құқықтар туралы Декларациясы (Женева қ., 18 маусым, 1998 ж.);
- ХЕҰ-ның Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы Конвенциясы (29-конвенция, Женева қ., 28 маусым, 1930 ж.);
- ХЕҰ-ның Мәжбүрлі еңбекті жою туралы Конвенциясы (105-конвенция, Женева қ., 25 маусым, 1957 ж.);
- ХЕҰ-ның Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы Конвенциясы (138-конвенция, Женева қ., 26 маусым, 1973 ж.); және
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті.

4.3. Компания өз қызметі барысында адам құқықтарының бұзылуына мүлдем төзбеушілік қағидасын ұстанатынын мәлімдейді. Компания жабдықтаушылардан, мердігерлерден және өзара әрекеттесетін серіктестерден заңның және адам құқықтарының дәл осындай қатаң сақталуын күтеді.

4.4. Осы Саясатты Этика және Іскерлік мінез-құлық Кодексімен, ESG саясатымен және ESG басқаруымен байланысты басқа да Компания саясаттарын және процедураларын бірлесіп қарастыру қажет.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Қызметкерлерге қатысты

5.1. Компания жұмысқа қабылдау және жұмыс барысында тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ұмтылады. Сонымен қатар, нәсіліне, жынысына, жасына, дініне, ұлтына, отбасылық жағдайына, жыныстық бағдарына немесе әлеуметтік жағдайына байланысты ешқандай кемсітуге жол бермейді.

5.2. Компания балалар еңбегі мен мәжбүрлі еңбектің барлық түрлеріне қарсы күресті қолдайды.

5.3. Компания әрбір қызметкердің абыройын мен қадір-қасиетін құрметтеп, әділ және қолайлы жұмыс ортасын қамтамасыз етуге ұмтылады. Қолдануға болатын барлық заң талаптарына сәйкес жұмыс уақыты мен жұмыс орнындағы денсаулық пен қауіпсіздікке ерекше көңіл бөледі.

5.4. Компания қызметкерлерге пікір білдіру, бірлесу және ұжымдық шарт құру құқықтарын мойындай отырып, кәсіби дамуға тең мүмкіндіктер беруге ұмтылады.

5.5. Компания қызмет аясы, кәсіби тәжірибе және лауазымдық міндеттер сияқты факторларды ескере отырып, қызметкерлерді әділ жалақымен қамтамасыз етуге ұмтылады.

5.6. Компания жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық пен қудалаудың барлық түрлерін, соның ішінде негізсіз тәртіптік жазаларды, зорлық-зомбылықпен қорқытуды, жыныстық немесе нәсілдік қудалауды, қорлауды және жалақысынан ұстап қалуды айыптайды.

5.7. Оқу кәсіби мақсаттарға қол жеткізуде тиімді және пайдалы болған жағдайда Компания қызметкерлерді оқыту және дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасауға ұмтылады. Компанияда тәжірибе сақтау және білім беру персоналды дамытудың шешуші факторы болып табылады.

5.8. Компания әрбір қызметкердің жеке өмірінің құпиялығын құрметтейді және деректердің құпиялығы жөніндегі қолданыстағы заңнаманың барлық нормалары мен талаптарын сақтайды.

Клиенттерге және іскер серіктестерге қатысты

5.9. Компания әділдік пен клиенттердің құқықтарын құрметтеу принциптеріне сәйкес әрекет етеді. Компанияның, оның еншілес және байланысты ұйымдарының қызметкерлері өнімдер немесе қызметтер ұсынған кезде клиенттерге шарттарды, артықшылықтарды, тәуекелдер мен ықтимал шығындарды нақты түсіндіруі тиіс және кез келген дискриминацияға жол бермеуі қажет.

5.10. Компания өз қызметінде адам саудасына және құлдықтың кез келген түріне қарсы шығады.

5.11. Клиенттермен жұмыс істеу кезінде Компания қолданыстағы заңнамаға сәйкес деректердің құпиялығын қамтамасыз етеді.

5.12. Жеткізілім тізбегіндегі адам құқықтарын сақтау Freedom Holding Corp. үшін маңызды сұрақ болып табылады. Компания іскерлік серіктестерді осы саясатта көрсетілген міндеттемелерді орындауға шақырады.

Жергілікті қоғамдастықтарға қатысты

5.13. Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының жетекші қағидаларына сүйене отырып, Компания мүдделі тараптармен жан-жақты диалог жүргізу арқылы Компания жұмыс істейтін аймақтардағы жергілікті қоғамдастықтардың құқықтарын құрметтеуге міндеттеледі.

5.14. БҰҰ Жаһандық шартына қол қоюшы ретінде Freedom Holding Corp. сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерімен, соның ішінде бопсалау мен парақорлықпен күресуге міндеттенеді.



6

САЯСАТ ТАЛАПТАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1. Freedom Holding Corp.-тың еншілес және байланысты ұйымдары жүргізетін кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктеріне және олардың қызметінің юрисдикцияларында қолданылатын заңнамаға байланысты осы Саясатты бұзғаны үшін жауапкершілік еншілес ұйымдардың ережелері, рәсімдері, және жергілікті заңдары бойынша анықталады.

7

МОНИТОРИНГ

7.1. Осы Саясат өзектілігі және қолданыстағы стандарттар мен тәжірибелерге сәйкестігі қажет болған жағдайда және кемінде үш жылда бір рет қайта қаралып отырады. Кез келген ұсынылған өзгертулер Директорлар кеңесіне қарастырылуға ұсынылады. Компания осы Саясаттың принциптерінің сақталуын тұрақты түрде бағалауға міндеттенеді.

8

КЕРІ БАЙЛАНЫС

8.1. Компания мүдделі тараптардың кез келген сұрақтарына жауап беруге дайын. Адам құқықтарын сақтау және осы Саясаттың мазмұны мен қолданылуына қатысты сауалдар esg@ffin.kz электрондық поштасына жіберілуі керек.